



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Тасымбек Мереке, Тәжіхан Айшолпан

merry.girl.a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Информатика кафедрасының студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Е.Е. Омарбеков

Біздің жұмысымыздың мақсаты: Мобильдік қосымшаларды қолдану арқылы оқыту технологияларын анықтау, практикалық түрде жүзеге асыру және мектепте, жоғары оқу орнының оқу процесінде қолдану.

Мобильдік қосымшаларды қолдану жаһандық даму бойынша бүгінді таңда қолданыстағы мобильді құрылғылардың саны кеңейтуге ықпал жасау және қолдану. Сонымен қатар мобильді технологиялар мен мобильді интернеттің әлемдік қауымдастықта қолжетімді және ең тиімді байланыс құралдары болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің даму кезеңі жаңа технологиялардың өзгеруіне байланысты және ақпараттық білім беру ортаны құруда оқытудың әдісі мен мазмұнына әсерін тигізуде.

Ақпараттық технологияларды пайдалану оқыту процесін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған модельін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқыту құралдары: компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар, әртүрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса олардың білімгерлердің өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы өздік жұмыстарды орындататын әдістемелік құрал ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор.

Мобильдік қосымшалар 2000-2001 жылдары алғаш рет ағылшын тілді ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «мобильді оқыту» («m-learning») туралы шыға бастады. Уақыт өте келе, біздің еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттандыру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және электронды оқыту жүйесін жасау, енгізу бағдарламаларын іске асыру кезеңінде «мобильді оқыту» мәселесі талқыланып, қолданысқа енгізіле бастады.

Мобильді құрылғылардағы оқушыларға қолжетімді түрлі оқыту бағдарламалары мен қосымшалары және сенсорлық интерфейспен жасалынған қарапайым құрылғылар білім алудың қосымша көзіне айналды. Оқушылардың білім сапасын арттыруға және білім алу мүмкіндіктерінің кеңеюіне ықпал ететін бұл құрылғыларды білім беру технологиясына айналдыру әлемдік педагогика саласының мәселесіне айналды.

Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейіне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің шеберліктеріне, оқу - тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта мобильді қосымшаны пайдалану оқушылардың белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар, олар (электрондық оқулықтар, интерактивті тақталар, аудио және видеожазбалар, компьютерлер, презентация, тесттік бағдарлама, интранет, интернет бағдарламасы және телекоммуникациялық желілер) .

Алайда осы заманауи технологиялардың бар екенін білгенімізбен, жеткілікті қолдана алмайтынымыз өкінішті. Ол үшін сабақ беретін аудитория заманауи құралдармен жарақталып, интернет-ресурсқа жылдам қолжетімділік қажет. Профессор Р.Әмір былай деп

айтқан: «Қазақ тілінің бұдан былайғы өрісі оның ақпараттық мазмұнының құнарлығына, сол ақпаратты жеткізу, хабарлау, мәдениетінің дәрежесіне бағынышты». [1]

Бұл орайда мемлекеттік білім беру стандартын сапалы жүзеге асыру, білім беру жүйесін жетілдіру, жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу жүзеге асырылуда. Соның ішінде, мобильді технологияны оқу үдерісіне енгізу жеке тұлғаның дамуына оң әсер етеді:

- мұнда оқу үдерісіне қатысушылардың еркіндігін қамтамасыз етеді;
- білім беру ұйымдарынан тыс оқу үдерісіне қатысуға, білімді өз бетінше жетілдіруге мүмкіндік береді;

мүмкіндігі шектеулі жандар үшін үздіксіз білім алуға мүмкіндік жасалған;

- мобильді құралдарды пайдалану, оқу материалдарына жылдам қол жетімділік, экономикалық тұрғыдан тиімді;

- білім алушылар арасында сымсыз технологиялар арқылы (WAP, GPRS, EDGE, Bluetooth, Wi-Fi) байланыс оқу қажеттілігін қанағаттандыратын орта;

- мультимедиялық ақпараттар оқушылардың есіне жылдам сақталады және олардың білім беру үдерісіне қызығушылығын арттырады.

Еліміздің болашағы бүгінгі оқушыны психологиялық және техникалық тұрғыдан мобильді құралдармен білім алуға дайындаумен байланысты. Білім беру жүйесіне осы бағыттағы әдістемелік-зерттеу жұмыстарының нәтижесін енгізу, стратегиялары мен формалары, әдіс-тәсілдерін ұйымдастыруға мемлекеттік қолдаулар керек.

Осы заманда Android, Windows Phone, IOS платформаларын қолданатын ұялы телефон екінің бірінде бар. Бұл платформалар ұялы телефон шығаратын компанияларда жоғары сұранысқа ие. Айта кетсек, IOS платформасында Iphone, Android платформасында HTC, Samsung, Windows Phone платформасында Nokia сияқты алдыңғы қатарлы ұялы телефон маркалары жұмыс істейді.

Жасалатын қосымша IOS, Android, Windows Phone платформалы кез келген мобильді құрылғыға арналған. Қосымшаны құруда ең басты шарттың бірі - жүйе жадында көп орын алмайтын, мобильді құрылғыда жедел түрде жүйеге қатысты жауап беретін қосымша ойлап табу.

IOS - Apple компаниясы құрастырып, шығаратын мобильдік операциялық жүйесі. 2007 жылдан бастап iPhone мен iPod touch үшін, кейіннен iPad пен Apple TV құрылғыларына арналып шығарылды. Windows Phone мен Google Android операциялық жүйелеріне қарағанда, бұл платформа тек қана Apple фирмасының құрылғыларына ғана құрастырылады. IOS қолданушы интерфейсі тікелей қимыл концепциясына негізделіп, мультитач белгілерін қолданған.

Android операциялық жүйесі мобильді құрылғылар үшін салыстырмалы түрде жаңа платформа болып табылады. Ол өзінің ашықтығының арқасында, жетілдіруге арналған тегін және ыңғайлы құралдары бар болуының арқасында, жылдам түрде кеңінен таралып отыр. Сондықтан Android-қа арналған қосымшаларды жетілдіруші – ақпараттық технологиялар саласындағы ең қажет етілген мамандықтардың біріне айналып отыр.

Android эмуляторы қосымшаларды ретке келтіруге және тестілеуді жүргізуге мүмкіндіктер береді. Іс жүзінде Android платформасының барлық қосымшалары: графикалық интерфейс бар қосымша, деректер қорымен жұмыс жасайтын қосымша, графика және мультимедиа қосымшалары Android эмуляторы ретінде ретке келтіруге және тестілеуді жүргізуге қолданылады.

Бірақ та қолданушыға жіберу кезінде Android мобильдік құрылғы үшін коммерциялық қосымша жасау өзіміздің шынайы ұялы телефонымызда тексеріп көрген жөн. Android эмуляторы барлық қосымшада реттеле бермейтін ескеру қажет. Сөзсіз, Android эмуляторының көптеген мүмкіндіктері бар, бірақ та кейбір функцияларын нақты құрылғыда қадағалау және тестілеу керек. Мысалы, қосымшаны жіберу, Wi-Fi, Bluetooth, температураны өлшейтін сенсорлы мобильді құрылғы, ұялы телефонның бағыт беру функциясы, батереяның қуатталу деңгейі, сондай-ақ видеокамера осының барлығы нақты мобильді құрылғыда орындалады.

Инсталляция кезінде мобильді құрылғыны конфигурациялау , қосымшаны жіберу және ретке келтіру үшін келесі қадамдар орындалады:

- USB арқылы мобильді телефонға ретке келтіру режимін орнату;
- Егер әлі де орналтылмаған жағдайда өңдеу ортасы орналасқан компьютерге мобильді құрылғы үшін USB драйвер орнату қажет;
- DDMS (Dalvik Debug Monitor Server) құрылғысы арқылы жалғанудың жұмыс жасау қабілеттілігін тексеру. [2]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://group-global.org/kk/publication/23778-mobildi-tehnologiyalar-arkyly-soyleu-reketin-zhetildiru>
2. Голощапов А. Google Android: программирование для мобильных устройств. — СПб.: БХВ-Петербург, 2010. — 448с.: ил., ISBN 978-5-9775-0562-8. Оленев Н.Н., Печенкин Р.В.

ӘОЖ 004

LEARNINGAPPS.ORG БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Төлеген А.Қ, Карибозина Ш.К.

erke_jan.kz@bk.ru, shugila-96@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
«5В011100- Информатика» мамандығының 4курс студенттері
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., аға оқытушы Байганова А.М.

«Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» – деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай мемлекетіміздің алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру ұстаздың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі[1].

Өндірістік педагогикалық практикадан өту барысында, жалпы сабақ беру кезеңіндегі мақсатымыз: оқушы шығармашылығын дамытуда интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы ізденімпаздыққа баулу, оқушылардың білім сапасын арттыру болды[2]. Жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, келесі ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбиемен білім беруде инновациялық іс-әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Сан алуан әрекет арқылы ақыл-ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру бүгінгі қажеттілік. Оқушыларды қызықтыратындай әдіс- тәсілдер қолдану арқылы баланың ойына, сезіміне серпіліс ендіруді мақсат етеді[3].

Өндірістік-педагогикалық практика кезеңінде информатика пәнінен сабақ беру барысында қолданған *LearningApps.org* бағдарламасын қарастырайық:

LearningApps.org – интерактивті тапсырмалар құрастыру үшін қолданылатын көп функционалды интернет-аспабы. Интерактивті білім беру қосымшасының негізгі тапсырмасы оқушыларды интерактивті және қызықты формада оқытатын арнайы мультимедиялық бағдарлама[4].